ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 14 қазан № 1112-24-00-2/3106 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
жеке кәсіпкер Темиргалиева Гульмира Оразовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Темиргалиева Гульмира Оразовнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралыталап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Темиргалиева Гульмира Оразовнамемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Темиргалиева Гульмира Оразовнадан мемлекеттік пайдасына 8 711,61 (сегіз мың жеті жүз он бір) теңге (алпыс бір) тиын тұрақсыз айыбы сомасы, 1 909,34 (бір мың тоғыз жүз тоғыз) теңге (отыз төрт) тиын сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.С.Бегенбаева

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 14.10.2024

Дата вступления в законную силу: 22.11.2024, судья Бегенбаева А. С., 22.11.2024

1112-24-3-1/3106